«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының - «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалы директорының 2022 жылғы «___»_____№ _____ бұйрығына 6 қосымша

Темір жол вокзалдарындағы дәретхана жайларын жабдықтау мен күтіп ұстау бойынша техникалық ерекшелік

1. Дәретхана жайларын жабдықтау мен жарақтандыруға қойылатын талаптар:

Дәретхана темір жол вокзалдарындағы жайларды коммерциялық қызметке жалға беру бойынша ашық конкурстар жүргізу жөніндегі комиссиямен бекітілген 3D форматындағы эскизді жобаға сәйкес жабдықталады және жарақтандырылады.

Бұл ретте, Жалға алушы келесі талаптарды сақтауы тиіс:

жайлар құрылыс нормалары мен «Жылыту, желдету және ауаны баптау» қағидасының талаптарына сәйкес жылыту, желдету мен ауа баптау жүйелерімен жабдықтандырылуы тиіс.

Ішкі су құбыры мен кәріз жүйесі құрылыс нормалары мен «Ғимараттардың ішкі су құбыры мен кәріс жүйесі» қағидасы талаптарына сай келуі тиіс.

Кірер жерде (көрінетін орында) маңдайша орнатылуы тиіс, оның мазмұны Жалға беруші өкілдерімен келісілуі тиіс және қолында жөнелту, жүру және келу күніне жол жүру құжаттары (билеттер) бар жолаушылар дәретхана тегін негізде қолдануға құқығы бар.

Жалға алушының дәретхана жайларына қызмет көрсететін жұмысшыларының (бақылаушылар, техникалық персонал) екі нысанды болуы тиіс: біреуі Жалға алушы бекіткен және Жалға берушімен келісілген, келушілерге қызмет көрсету кезінде киюге арналған нысандағы киімі, екінші нысандағы киімі – дәріхана жайларын тазалау жүргізу процесінде киюге арналған арнайы киім.

Дәретхана кабинкалары екі аумаққа: ерлер және әйелдер аумағына бөлінуі тиіс.

Әрбір дәретхана кабинкасы шаю шанашығы бар унитазбен, дәретхана қағазына арналған диспенсермен, унитазға арналған ысқышпен, қоқыс шелегімен немесе қолданылған дәретхана қағазына арналған себетпен, келушілердің жеке заттарына арналған ілмекпен жабдықталуы тиіс.

Ерлер дәретхана писсуар саны унитаз санына тең болуы тиіс.

Мүгедектерге арналған, өлшемдері келесідей дәретхана болуы міндетті**:**

ұзындығы – 2300 мм;

ені – 1550 мм;

биіктігі – 1950 мм;

унитаз ені – 600 мм;

унитаздан қабырғаға дейінгі аралық– 800 мм;

есіктің ені – 900 мм кем емес.

Дәретхана ілме тұтқышты қарнақтар қондырылады.

Жуынатын жерде мыналар орнатылуы тиіс:

әрбір 4 санитарлық аспапқа 1 қол жуғыштан, бірақ дәретханаға 1-ден кем емес;

қолға арналған кептіргіш – әрбір 2 қол жуғышқа біреуден ;

ерлер Дәретханада электрұсталарға арналған – ашалы розеткалар.

Дәретханаларда тазалайтын құралдарды сақтау мен залалсыздандыру үшін жайлар бөлінуі тиіс.

2. Дәретхана жайларын кешенді тазалау мен күтіп ұстау кезіндегі жұмыс түрлерінің тізбесі

Дәретхана жайларын тазалауды тәулік бойы жүргізу, соның ішінде:

1) күнделікті (әрбір 20-30 минут):

едендегі лас нәрселерді тазарту;

қоқысты қоқыс себеттерінен алу, полиэтилен пакеттерді ауыстыру;

дәретханадан ұсақ және ірі қоқысты жинау және шығару;

терезе алдының шаңын сүрту;

дәретхананың ортақ дәлізін ылғалды тазалау мен залалсыздандыру;

дәретхана жайларының еденкемерлері мен қабырғаларын дезинфекциялап, ылғалды сүрту;

дәретхана жайларын, соның ішінде унитаздарды, шұңғылшаларды, писсуарларды жуу мен санитарлық өңдеу;

дәретханаларды санитарлық-гигиеналық өңдеу (8-сағаттық ауысымда 3-кемінде реттен);

унитаздарды, шұңғылшаларды, крандарды, аралықтарды, есік тұтқаларын тазалау, сантехникадан қышқылдарды, қатпарларды, тотты алып тастау (8-сағаттық ауысымда 3-кемінде реттен);

дәретхана жайлары бойынша техникалық персонал кезекшілігі бір адамнан (сан.тораптарды тазалау, қоқыс шығару және т.б.);

*2) апта сайын**:***

ажыратқыштардың, розеткалардың шаңын сүрту;

шамдардың жергілікті ластануларын сүрту;

дәріхана интерьерінің жергілікті ластануларын сүрту;

айна мен әйнек беттерін сүрту;

ылғалға төзімді жабумен өңделген қабырғалардың жергілікті ластануларын сүрту;

есік блоктарын тазалау (есік панельдерін, жақтауларын сүрту; әйнек элементтерден жергілікті дақтарды сүрту; металл элементтерді ысып жылтырату);

жайлар терезелерінің ішкі жақтарынан жергілікті дақтарды сүрту;

төбеден шаң мен шырмауларды алу, люктердің соратын саңылауларын жуу;

жылу радиаторларын жуу;

3) ай сайын:

терезелерді сыртынан, ішінен жуу (қыс айларынан басқа кезде);

қоқыс контейнерлерін тұрақты сыртқы тазалау, нұсқаушы қалқан тақталарды шаң-тозаңнан тұрақты сүртіп тұру;

10 күнде бір рет жуғыш және залалсыздандыратын заттарды қолданып, толық тазалау (терезе, есік жуу, санитарлық тораптарды сүрту, еден, люстра, панель жуу, пердеше мен перделерді тазалау және т.б. жұмыстар).

3. Тазалайтын жайларда гигиеналық құралдардың (шығыс материалдары) болуы және оларды қолдану:

Дәретхана бөлмелерін жабдықтауға қажет шығыс материалдарының тізбесі:

Материал атауы	**Техникалық сипаттамасы**
Дәретхана қағазы	ені 10 см кем емес, екі қабатты
Қол сүртуге арналған сүлгі	ені 23 см ем емес, екі қабатты
Сұйық сабын	гиппоаллергенді
Сүлгілерге арналған диспенсер	парақ сүлгілерге арналған кішкентай диспенсер ZZ (291*332*135)
Сұйық сабынға арналған диспенсер	сұйық сабынға арналған кішкентай диспенсер 0,5л.(206*112*114)
Дәретхана қағазына арналған диспенсер	ені 10 см-ден кем емес дәретхана қағазын орналастыруды қамтамасыз ететін дөңгелек пішінді диспенсер
Ауа жаңартқыштар	гиппоаллергенді аэрозольдер
Унитазға арналған ысқыштар	тұтқасы металл және ысқышқа арналған ыдыс

Барлық шығыс материалдары үнемі шектеусіз көлемде болуы тиіс.

Шығыс материалдарының сапа сипаттамалары санитарлық-гигиеналық нормалар мен Жалға берушінің талаптарына сай келуі тиіс.

4. *Дәретхана жайларын тазалау сапасына қойылатын талаптар*

Жалға алушы дәретхана жайларын тазалауды санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып, жүзеге асырады. Дәретхана жайларында адам

нәжісінің жағымсыз иістері болмауы тиіс, дәретхана мінсіз тазалық ұқыпты және заттардың бетін ұсталуы тиіс.

Әртүрлі беттердің бактерияға қарсы қалпына келтіру жұмыстары бұзбайтын жоғары сапалы химияны және арнайы жабдықты қолданып, жүзеге асырылуы тиіс.

Жалға алушы барлық жұмысты Қазақстан Республикасында қолданыстағы МЕМСТ, СанЕ мен Н, Қауіпсіздік техникасы ережелеріне, Өрт қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелеріне сәйкес жүргізуі тиіс.

Жалға алушы:

жұмысты Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерге сәйкес тек сертификатталған тазалайтын, жуатын және залалсыздандыратын құралдарды қолданып, орындауға;

техникалық персоналды қажет құралдармен, жуатын, тазлайтын құралдармен, шығыс материалдарымен, арнайы киіммен, нысанды киіммен және қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті.

Жалға алушының жайларды тазалау үшін міндетті түрде келесі құралы болуы тиіс:

шелегі, сығу құрылғысы мен қоқыс жинауға арналған қабы бар әмбебап арбашалар;

түрлі-түсті тазалау шүберектер жинағы бар швабралар;

әйнек пен еденге арналған қырғыш;

тікбұрышты шелектер;

қалақ+шөтке жинағы;

дәретхана жайларына тазалау мен өңдеуді жүзеге асыруға қажет басқа құрал.